

Ақтөбе облыстық мәслихатының

«Ақтөбе облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін шарттармен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды жергілікті бюджет қаражат есебінен қосымша беру туралы» шешім жобасына

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Ақтөбе облыстық мәслихатымен «Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде дәрілік заттарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен қосымша тегін беру туралы» облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 171 шешімі (Нормативтік-құқықтық келісім мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3725 нөмірімен тіркелген, 2013 жылғы 31 желтоқсанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған), Ақтөбе облыстық мәслихатының 2014 жылғы 15 тамыздағы № 233 "Облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 171 "Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен тегін дәрілік заттарды қосымша беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 қыркүйекте № 4029 болып тіркелді, жарияланды: 2014 жылғы 11 қыркүйекте " Әділет " ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі), Ақтөбе облыстық мәслихатының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 227 "Облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 171 "Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде дәрілік заттарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен қосымша тегін беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы " шешімі (Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 қаңтарда № 5780 болып тіркелді, Электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері эталондық бақылау банкіде 10.01.2018 ж. жарияланды), Ақтөбе облыстық мәслихатының 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 356 "Облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 171 "Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде дәрілік заттарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен қосымша тегін беру туралы" шешіміне өзгерістер және толықтыру енгізу туралы" (Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 желтоқсанда № 5961 болып тіркелді, Электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері эталондық бақылау банкіде 2018 жылғы 20 желтоқсанда жарияланды) шешімдері қабылдаған болатын.

Аталған шешімдер «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектi Кодекс сәйкес қабылданған. Алайда осы кодекстің күші жойлып Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі қолданысқа енгізілді. Осыған байланысты, жоғарыдағы аталған Ақтөбе облыстық

мәслихатының шешімдерін жаңа кодекске сәйкестендіру мақсатында, Сізге осы облыстық мәслихаттың «Ақтөбе облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін шарттармен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды жергілікті бюджет қаражат есебінен қосымша беру туралы» шешімінің жобасына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізуге жолданады.

Осы Ақтөбе облыстық мәслихаттың шешімінің жобасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейді және құқықтық актілерге қойылатын талаптарға жауап береді.

Басқарма басшысы

Р. Исаев